Цель конкурса – знание своей истории, изучение духовного и культурного наследия, формирование национальной идентичности.

Задачи конкурса:

- собрать материал о сакральных местах Сарыарки: легенды, сказания, воспоминания;
- развитие творческих способностей у студентов;
- привитие обучающимся навыков научно-исследовательской работы.

Направления презентаций:

1. Природно-ландшафтное (пики, скалы и пещеры)
2. Средневековые города и памятники архитектуры
3. Религиозные и культовые объекты, являющиеся местами
4. Места, связанные с творческими, историческим
5. Места, где происходили значимые историко-политические события

Участники конкурса: студенты I курса – 15 работ. На первом этапе, из числа представленных презентаций, члены комиссии отобрали 8 лучших работ.

15.04.20 г. на платформе Zoom с 16:00 – 17:30 была проведена онлайн-конференция, где состоялась demonstra-

ция и защита проектов, подведение итогов и объявление победителей конкурса. Награждение участников конкурса планируется после завершения карантина.

Модераторы: заведующий кафедрой, к.ф.с.н., доцент Сагатава А. С.; м.г.н., ассистент Жумаханова Ф. Д.

Члены жюри:

1. Проректор по воспитательной работе Алпысбаева Н. А.
2. Председатель Совета по духовно-нравственному воспитанию, к.т.н., профессор Кызыров К. Б.
3. Декан факультета ФИТ, к.п.н., доцент Самашева Г. Е.
4. Заведующий кафедрой «История Казахстана», к.ф.с.н., доцент Сагатава А. С.

Результаты конкурса:

1 место – студент гр. МД-19-2 **Рахатов Алдияр** (научн. рук. к.ф.с.н., доцент Нугман Б. Г.);

2 место – студент гр. УиА-19-1 **Совет Фариза** (научн. рук. к.и.н., доцент Сулейменова М. Ж.);

3 место – студент гр. Арх-19-3 **Шакаримов Ануар** (научн. рук. к.и.н., доцент Даниярова А. Е.);

3 место – студенты гр. ПСК-19-1 **Құдайберген Наурызбай, Съезбекқызы Ғалия** (научн. рук. м.г.н. Жумаханова Ф. Д.).

Международный конкурс эссе «Наша сила в единстве»

Среди основных общемировых современных проблем взаимодействия людей особо значимой является проблема построения межэтнических, межконфессиональных отношений.

Россия и Казахстан являются многонациональными государствами. Политика, проводимая правительством этих стран, направлена на единство и сплочение народов не только внутри государств, но и на сотрудничество и стратегическое партнерство с другими странами. У казахского поэта Е. Елубаева есть стихотворение «Самый богатый человек» о том, насколько мы станем богаче с познанием каждого языка и культуры.

Именно обмен языковыми и культурными навыками, единство народа, мир и межнациональное согласие стали основополагающей идеей проведения международного конкурса эссе.

Со 2 по 20 марта 2020 года ППС кафедры русского языка и культуры КарГТУ совместно с ППС Орского гуманитарно-технологического института (филиала) ОГУ провели Международный конкурс эссе «Наша сила в единстве». В мероприятии приняли участие студенты КарГТУ и Технологического института ОГУ с 1 по 4 курс. Общение студентов проводилось посредством социальных сетей, для чего был создан чат «ВКонтакте» под логотипом конкурса. Языки написания эссе – русский и казахский. Объем эссе не превышал 100 слов. Каждое эссе, опубликованное на страницах форума, проходило проверку на плагиат (не менее 55 % уникальности текста, справка, скан отчёта на плагиат выкладывался вместе с эссе на странице).

Конкурс международного эссе проходил в 3 этапа:

1 этап – с 4 по 16 марта – публикация эссе;

2 этап – с 17 по 19 марта – голосование за понравившиеся работы.

19-20 марта были подведены итоги конкурса. Победители награждены дипломами.



К 75-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ



Соғыс туралы

Біз немерелері болып отыра атамыздың ерлігімен мақтанамыз, Панфиловшы деп, бірақ қазіргі таңда «Ерлікке күйе жағып жатыр» деп айта аламыз. Ресейлік БАҚ беттерінде панфиловшылардың ерлігін жоққа шығарған мақаласымақтар шыға бастаған.

Соның барлығы ақпараттың жетімсіздігінен, тұмшалаулығынан.

Шын мәнінде 1941-шы жылы Мәскеу түбінде кеңестің 600 мың әскері қолға түскен еді. Екі үлкен әскери құрама өзінің дәрменсіздігін көрсетті. Орыс тарихшылары Мәскеу түбіндегі жеңісті орыс қысымен байланыстырғысы бар. Ол да бар шығар, алайда таразы басын аударуға сеп болған жанкештілер батальондары болатын. Ал, неміс тарихшылары Мәскеу түбінде тек қана азиаттармен соғысқанын жазады. Шындықтың көкесі осы болса керек.

Транссібір эшелондары Қазақстанды басып, Мәскеуге ағылған. Оның ішінде Сібір халықтары мен қазақтар болмағанда кім болмақ?!

Генерал Панфиловтың 316-шы атқыштар дивизиясы Алматы қаласында 1941 жылдың шілде-тамызында құрылды деп жүрміз. Жасырын директива бойынша оны құру мамыр айында қолға алынған. Және оның қай майданға барып түсетіні белгілі еді. Сондықтан да оның құрамына үлкен мән берілді. Дивизияның жеке құрылымы Алматы қаласының, Алматы облысының, Шымкент қаласының және қырғыз елінің әскери міндетті тұрғындарынан жасақталды. Бүгінге дейін солай деп келеміз. Алайда, оның да өз бүкпесі бар...

Айттып отырған атамыз Әбдікәрім Смағұлұлы Жаңаарқа өңірінің тумасы болады. 1914 жылы дүниеге келген (құжат бойынша 1917 жылы). Үлкен әкелері Балабек болыстық тізгінін ұстаған көшелі жан екен. Шиегтей бала-шағасын шұбыртып, туған жерден қол үзіп, түскей барып Тәшкент, Шымкент жағын паналайды. Осы шұбырындыда дүниеге келген балалар есімі Тәшкен, Тәшет аталса, сондай себебі бар. Ол кісілердің ұрпақтары бүгінде Жаңаарқада тұрып жатыр.

1939 жылдың желтоқсанында әскери міндетін өтеуге шақырылады. Содан 18 – Орта Азия шекаралық әскери дивизия құрамын-

дағы 311-шы Қызыл Тулы Түркістан полкіне түседі. Термез қаласында тұрған бұл полк шекаралық болатын. Ауғанстан мен екі араны Әмудария бөліп жатты. 1941 жылғы тамыз айының 24 күні Иран жеріне барып тұрады. Сол тұрғаннан 31 желтоқсанға дейін қозғалмайды. Жау мұнайлы Қап тауын басып ала ма деген үлкен қауіп бар еді. Соған қарамастан «дәрі иіскеген» полкті қозғайды.

1942 жылғы қаңтарда Алматыға келеді. Генерал И. В. Панфиловтың басшылығымен жасақталып жатқан дивизияға кірігеді. 100-ші ерекше атқыштар батальонында соғыс тактикасы мен стратегиясына машықтанады. Солайынша 120 миллиметрлік гаубица расчетінің командирі болады. Ал, бұл дивизияны Мәскеу түбіндегі қырғынға дайындап жатқан болатын. Міне, мәселе қайда?!

Мәскеу түбіндегі қырғынға Дубосеково түбіндегі 28 панфиловшының ерлігі әлемге жария болды.

Қаңтардың 19 күні Ставканың бұйрығымен Бологое, Любница, Болотное стансасына түсіріледі. 2-ші атқыштар корпусының құрамына кіріп, жау қорғанысын бұзып шығады. Осы дивизия құрамындағы Мәлік Ғабдуллиннің, Төлеген Тоқтаровтың, Бауыржан Момышұлының көзсіз ерліктеріне ел сүйсінді.

Ерліктері еленбеген мұндай азаматтар аз болмады. Әбдікәрім Смағұлұлы солардың бірі ғана. Мәскеу шайқасы саябырсыған кезде бұларды кіші Сталинградқа салды. Великие Луки қаласы үшін шайқас тарихта осындай атпен қалды. Кіші Сталинград қазандығында жаудың 70 мың әскері қолға түсті. Сол шайқасты атамыз былай деп еске алатын:

«Мәскеу облысының батыс жағындағы Великие Луки қаласы үшін «жан алысып, жан беріскен» шайқас болды. Біздің ерекше 100-ші атқыштар батальоны 120 мм артиллериядан өртегіш және жарылғыш снарядтармен жау шебін ұрғылағаннан кейін жаяу әскерлері тап берді. Енді, қоршаудағы қаланың ішінде әр үй үшін кескішлескен ұрыс басталды. Жаяу әскер жауынгерлеріне қолымызға карабин алып біз де көмекке келдік. Қаланың орта тұсындағы еңселі үш қабат үйдің шеткі есігінен баса көктейеніп, шеткі бөлмеден біраз фашистерді тұтқындадық. Екінші қабатқа көтерілуге жоғарыдан дәл көздеп атып тұрған немістер бас көтертер емес, сәл жаза бассаң қалпақтай түсіреді. Бұйрық – қалайда жауды тізе бүктіру, ғимаратты жаудан тазарту. Көтерілір баспалдақ тасасынан жағарыда баспалап тұрған немісті нысанаға алғаным сол еді, сол жақ қолымның алақан сырты ду ете қалды. Сылқ етіп қаруым жерге түсіп кетті. Алдында ғана осылайша баспалап төменге көз



Менің атам Әбдікәрім Смағұлұлы (1939 ж.)


тастамақ болған, солбырайған, ебедейсіз біреуін сұлатқан едім. Ақыры басқасы байқап қалған екен. Қапы жіберген жоқ, қару ұстаған қолымның сыртын қанға бөктірді.

Алайда, қасымдағы жігіттер жоғарыға граната лақтырып үлгерді. Автоматтан оқ жаудыра үстіңгі қабатқа лап қойды. Сөйтіп, еңседі ғимараттың үш қабаты да тазартылды, тірі қалған 90-ға жуық неміс солдаттары тұтқындалып, сыртқа шығарылды. Біз жақтан, олар жақтан да шығын аз емес. Дереве жауынгерлер келіп, жарамды таңып, сыртқа алып шықты. Сөйтіп, 1943 жылдың 14 қаңтарында жаракатын емдеуге Ярославль қаласындағы госпитальда одан Пермь облысындағы әскери комиссия әскерге жарамсыз деп ұйғарғандықтан, сол жылдың 25 қазанында аға сержант дәрежесінде елге оралады. Осы ұрыс кезінде өзімен бірге болған көздеуші Қ. Мердіқұлов деген жауынгер сол жақ білегінен жарақаттанса, шығыс қазақстандық Бакин деген жігіттің сол жақ аяғының ортан жілігі шорт үзіліпті. Әсіресе, Жамбыл облысының Мерке ауданының тумасы. Қ. Мердіқұлов екеуіміз сонау Термез қаласынан бірге қызмет етіп, майдан жолдарын бірге өткеріп едік. Содан көз жазып қалдым, олардың өлі-тірісінен хабарсызбын деп өкінішпен еске алып тұратын.

Бейбіт өмірде Әбдікәрім Смағұлұлы ұзақ жылдар бойы халық депутаттар Атасу поселкелік кеңесі атқару комитетінде хатшы, кейінде есепші болып қызмет атқарды. Әжеміз Қалимашпен жарты ғасыр отасып, тоғыз бала тәрбиелеп, өсірді.

Бүгінде тамырын тереңге жайған әулетте 23 немере мен 14 шөбере өсіп-өңіп, тіршілік етуде. Тағдыр, Мердіқұловты, Бакинді, атамыз Әбдікәрім Смағұлұлын майдан даласында кездестіріп, қайтып жолықтырмады.

Қ. Қ. Смағұлова,
ӨПА кафедрасының доценті, PhD докторы



Ресей Федерациясы Қорғаныс министрінің 08.05.2007 жылғы №181 «Қызыл Армияның және Әскери-теңіз флотының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының мұрағат құжаттарын құпиясыздандыру туралы» бұйрығына сәйкес жария етілді (30 мамыр 2009 ж. өзгертулерімен)

К 75-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ

75-летие Победы в Великой Отечественной войне

17 апреля 2020 года в формате онлайн-конференции состоялось мероприятие, приуроченное 75-летию Победы в Великой Отечественной войне под названием «Хочешь мира — помни о войне!» В нем приняли участие студенты 1 и 2 курсов групп с государственным языком обучения. Помимо самих участников, видеоконференцию просмотрели и прослушали студенты многих групп. К сожалению, формат конференции не позволил принять участие всем желающим. Общий охват составил 100 человек.

Мероприятие получилось интересным, насыщенным и познавательным. Оно состояло из нескольких разделов:

- устный журнал «Долг памяти», в котором первую страницу «Причины поражений и побед» открыли Қанат Ұлбосын с Муслимовым Алпамысом и Мұса Диасом (гр. ПТ-19-1);
- рассказы об известных героях-казахстанцах Нуркене Абдирове, Маншук Маметовой, Алие Молдагуловой, а также о неизвестных солдатах и героях

войны представили Фазыл Казыбек, Асадолина Аяулым, Асанова Улжан, Амирбекова Жанель, Анарбек Гульжан (гр. БТ-19-1);

• фронтовая история «Наука ненависти», с которой ознакомил всех Қуанышбек Серикжан (гр. ПТ-19-1).

В разделе «Герой из семейного альбома» прозвучали выступления о родственниках-ветеранах:

- преподаватель кафедры РЯиК Баймамыров С. А. рассказал о своем дедуш-

ке — участнике ВОВ Баймамырове Ықласқане;

- Алпанова Жанар рассказала о своем дедушке-ветеране;
- студенты из группы АРХ-18-1 преподавателя кафедры РЯиК Тусупбекова А. С. поведали о забытых героях-казахстанцах: Жумаканова Айдана — об Абдыбекове Толеугали Насырхановиче, Амиртай Сабина — о Сулейменове Ыбрайыме, Абильжанова Айжан — о Рахметове Жумаше Рахметовиче, Жунусова Айя — о Жетпісбаеве Балтабаке.

Подобные мероприятия очень важны для нашего подрастающего поколения, так как они воспитывают в них гордость за свою страну, свой героический народ, прививают интерес к изучению истории своего государства. Это и есть любовь к отечеству. На примерах жизни и подвигов своих дедов и прадедов воспитываются настоящие патриоты Родины!



Жумаш Рахметович Рахметов (1919—1942) — советский офицер-танкист, участник Великой Отечественной войны, мастер танкового боя. За годы войны на боевом счету его и его танковых экипажей — 11 победных и уничтоженных танков противника. Родился в 1919 году в 6-м ауле (по другим данным — в поселке Карсақши) Карсақшевского района Карагандинской области (ныне Казахстан), Казах.

В 1941 году окончил Сызранское танковое училище. Участник Великой Отечественной войны с 25 октября 1941 года.

Командир взвода 2-й роты 1-го танкового батальона гвардии старший лейтенант Ж. Р. Рахметов был смертельно ранен в бою 23 декабря 1942 года за деревню Веренста Олешинского района Калининской области. И погиб он 24 декабря 1942 года.

За неоднократно проявленные в боях с немецкими захватчиками исключительные отвагу и героизм, блестящее выполнение заданий командования, гвардии старший лейтенант Рахметов Жумаш Рахметович посмертно был представлен к званию Героя Советского Союза.



Мой дедушка



С каждым годом мы все дальше и дальше уходим от военной поры. Но время не имеет власти над тем, что люди пережили в войну. Это было очень трудное время. Я родилась в счастливое, мирное время, но много слышала о войне, ведь горе и беда не обошли стороной и моих родных и близких. Мой отец часто рассказывал мне о своем отце — моем деду.

Баймамыров Ықласқан
1913–1955

Он служил в противотанковой артиллерии 103 отдельный истребительно-противотанковый дивизион, 37 стрелковой дивизии.




ҚАЗАҚТЫҢ ЕРЖҮРЕК БАТЫРЫ

Балтабек Жетпісбаев



За участие в боях с 1941 года, дисциплинированность, исполнительность, отличное выполнение своих обязанностей и умелые действия в июле 1944 года награжден медалью за боевые заслуги




Архивная справка



Хакім Абай 175 жыл. Бес асыл

20.04.2020 ж. күні «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының оқытушылары Атькен Е. және Мақсұтова Ж. Қ. ОП-18-1с, ОП-17-2 тобының студенттерінің арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберіндегі «Бес асыл» атты Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған ой-танымдық іс-шара өткізді. Төтенше жағдайдағы қашықтан оқыту жүйесіне сәйкес онлайн түрде өткізілген тәрбиелік іс-шараға ректордың кеңесшісі Асқаров Б. Ш., ЖКФ деканы Құрмашева Б. Қ. және орынбасары Оспанғалиева М. Т., кафедра оқытушылары Кенжекеева А. Р., Балабаев О. Т. қатысты.

Жалпы іс-шара жоспар бойынша жақсы деңгейде өтті деуге болады. Төменде кафедраның аға оқытушысы Атькен Ержанның алғы сөз ретінде айтқан Абайдың бес асылы атты шағын баяндамасын ұсынамыз.



175 JYL

Abai Qunanbaiulynyň mereitoy



АБАЙДЫҢ БЕС АСЫЛЫ

Абай — қазақтың ғана емес, адамзаттың ақылшысы. Біз Абайды толық түсінген күні адамзаттың алдына шығамыз. Абайдың асылға балаған бесеуі сау ақылмен толыққан адамға жол бастар негізгі бес саты. Ол бесеу — талап, еңбек, терең ой және де қанағат пен рахым. Дана Абай бұл бесеуді өз ретімен қойған.

Әуелі «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге», «Білмесең де ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз», «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» деді. Неге? Себебі, кез-келген дүние талаптан басталады. Өзіңе талап қой. Талаптанып, талпын. «Талапты ерге нұр жауар» деген сөздің иесі де Абай.

Келесі саты — еңбек. Төбеңнен нұр жауар жетістікке жетпек үшін еңбектену

керек. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп отыр. Сөз иесі өз шығармашылығында «Еңбек — қуаныш, жалқаулық — арылмас азап», «Еңбексіз мал дәметкен — қайыршылық», «Адам бол — мал тап, қуансаң қуан сол кезде», «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап», «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық» деп ер жолындағы

еңбек рухын биікке көтере түседі. Адам болып қалу үшін мал табарлық ақылың мен еңбегің болу керек. Мал дегеніңіз киер киімің, ішер тамағың, басыңа пана тұрағың. Үстің жалаңаш, ішің бос, төбең тесік болса сен адамшылық туралы асқақ сөз айта алмайсың. Аш адамның бірақ қалауы болады. Ол — бір үзім нан. Осы жұтқыншақ етегіңнен жұлқымаса келесі биікке көтеріле аласың. Бұл биік — терең ой.

Жанның азығын толтырып, құлқынның қыл бұрауынан құтыла алған талапты, еңбек ері енді көпке шырақшы болар рухани азық іздеп, терең ойға беріле бастайды. Әрине, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстар» бірегей болса. «Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар, Сәулесі бар жігіттер бір ойланар». Қу дүниеге ере берсең

түбінде бір көрсетер боқтығын деп, көтереді Ұлы Абай ақыл-ойдың шоқтығын.

«Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей? Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей Міні қайда екенін біле алмассың Терең ойдың телміріп соңына ермей», — деген.


Көкіректің көзін ашып, терең ойдың түбіне шырақ алып түспесең қолың жеткен дүниенің де қадірін білмей, қабіріңе қадіріңмен кіре алмайсың. Осының ақ-қарасын ажыратпақ үшін ақыл-ой керек. Оның да су бетінде сырғанар шұнағы емес, тереңі керек.

Төртінші асыл — қанағат. Талабың тас жарып, еңбегің еселеніп дәулетің тасығанда, ақылың көптен қара үзгенде дүниенің соңынан еріп ашкөзденбей қанағат қыла біл деп отыр. Абайдың айтып отырған қанағаты болдымның бойкүйездігі емес ашкөздікке, шексіз құмарлыққа бой алдырмау. Тапқаның талабыңа, ақыл қуатыңа демеу болудан артылып жатса, өзгенің де көгеріп көктеуіне рахым жаса.

Рахымшылық — Абай меңзеген бесінші асыл, қол жеткен негізгі асыл. «Алланың пендесіне рахымы мол, сен де өзіңдей адамға мейірімді бол» деп отыр. Жаратылғанға рахым жасау, мейірімді болу — Құдайлық сипат.

Адамның мұраты — осы асылдармен адам атын сақтап қалу.

«Өнеркәсіптік көлік»
кафедрасының аға оқытушысы
Е. Атькен



К 175-ЛЕТИЮ АБАЯ КУНАНБАЕВА

Директор Института языкознания рассказал о малоизвестных фактах жизни Абая

Президент РК Касым-Жомарт Токаев в своей программной статье «Абай и Казахстан в XXI веке» поставил перед казахстанским обществом новую задачу — каждому из нас необходимо познать самого себя и презентовать миру главные ценности казахского народа посредством пропаганды и изучения наследия великого Абая.

Москва спасает от Москвы

На первый взгляд — задача вполне конкретна и проста. Труды поэта всем хорошо известны, написано о нем, как о видном просветителе и философе-мыслителе прошлого, весьма немало. Одни капитальные труды Мухтара Ауэзова чего стоят. Но, вчитываясь в текст статьи Главы государства, начинаешь явственно понимать: величина и глубина Абая намного превосходит тот хрестоматийный образ, который сформировался в нашей голове в советский и последующий, постсоветский периоды времени становления нашего государства. И начинают беспокоить мысли: «А знаем ли мы истинного Абая? Насколько близок тот Абай, к которому мы все привыкли, к реальному человеку — Ибрагим Кунанбаев? Полна ли картина наших суждений об Абае по сравнению с тем вкладом в мировую сокровищницу культуры, который осуществил этот человек?»

...Эту информацию вы не отыщете в официальных сводках или научных отчетах государственных учреждений. Только сейчас по крупицам начинает воссоздаваться реальная картина той грандиозной трагедии, которая в свое время постигла народы бывшего СССР в 20-30-е годы. Физически уничтожена национальная элита казахской нации, включая и «националистов», и коммунистов, и писателей, и ученых вместе с почти доброй половиной населения.

Страна, с трудом оправившись после Второй мировой войны, торжественно приступает к реализации программы «расцвете и сближения наций», что, по сути, преследовало диаметрально противоположные цели — денационализацию и слияние всех культур в единый «советский типаж». В Казахстане, который всегда был важен в геополитическом и геоэкономическом плане, все осуществлялось по графику — советизация шла полным ходом. Что говорить, если даже в самых крупных городах разрешалось иметь всего лишь по одной казахской школе, да и то в виде интерната для приезжих сельских жителей. Диссертации по казахскому фольклору, культуре родной речи, грамматике, пословицам и поговоркам можно было писать только... на русском языке. Новая поросль национальных литераторов по заданию партии и правительства «продуктивно» восхваляет прекрасную социалистическую действительность.

И вдруг в республике в 1942 году выходит в свет первый том «Пути Абая» Мухтара Ауэзова. Грандиозное по масштабам погружения в казахскую культуру произведение, убедительно демонстрирующее миру всю глубину и богатство казахской культуры. Затем выходит в 1947 году второй том. Неожиданно и мощным шквалом приходит международная известность — самые знаменитые писатели и деятели культуры того времени из Америки, Европы и стран Азии дают высочайшую оценку роману казахского автора и с нетерпением ждут его продолжения. Центр реагирует моментально: с одной стороны, Мухтар Ауэзов удостоивается престижной Сталинской премии, а с другой — по негласным каналам дается четкое задание — не допустить продолжения данной работы. В Центральный комитет Компартии Казахстана приходит шифрованное распоряжение срочно решить данный вопрос. К счастью, секретарем по идеологии в то время у нас был бывший министр культуры республики, истинный патриот отечества Ильяс Омаров, который тут же в режиме строжайшей секретности поручает доверенному сотруднику отдела ЦК КП Казахстана, молодому выпускнику Высшей дипломатической школы при МИД СССР Исламу Жарылгапову любыми путями срочно спасти Ауэзова.

Как позже вспоминал об этом сам Ислам-ага, словами ничего не проговаривалось, писали и тут же уничтожали написанное, а если говорили, то говорили заранее придуманными фразами, имеющими смысл и понятными только для посвященных. В Союзе писателей в тот день как раз устраивали показательное разгромное обсуждение творчества писателя, «пропагандирующего феодально-байские пережитки прошлого». С большим трудом и риском удалось приобрести авиабилет и срочно отправить писателя самолетом в Москву. Как вспоминали очевидцы, самолет еще не успел долететь до места назначения, как дом писателя

в плотное кольцо взяли сотрудники спецслужб. Но арестовать было некого. Парадоксально, но факт — именно Москва спасла тогда писателя от решения расправиться с ним, исходявшего оттуда же. В большой столице было много больших людей, уверенно вставших на его сторону. Точно так же в свое время избежал печальной участи, уготованной ему из центра, и академик Каныш Сатпаев — успел выехать в Москву.

Через несколько лет, когда политическая ситуация изменилась, Мухтар Ауэзов вернулся в Казахстан и завершил свой труд, выпустив еще две книги — третью и четвертую. Даже трудно представить себе, что бы ждало казахскую культуру, если бы роман-эпопея о великом поэте не был завершен в полном объеме и прервался бы на половине пути. Ведь, надо признаться, и мир, и сами казахи узнали Абая в полном объеме благодаря именно этому труду.

Данные биографии

Погружаясь в мир Абая, начинаешь явственно чувствовать: конечно, наших знаний об этой грандиозной фигуре прошлого совсем недостаточно. Мы находимся только на подступах к подножию горы под названием Абай Кунанбаев и видим снизу только снежные и красивые издали вершины высокой цели.

Необходимо заново пересмотреть и переосмыслить, переписать саму биографию поэта и его окружения.

Вспомнивая конец 70-х годов. На заседании ученого совета Института языкознания обсуждали «Путь Абая» Мухтара Ауэзова. Слово держал академик Маулен Балакаев: «Обратите внимание на стиль томов романа-эпопеи. Почему первый том читается залпом, как одна песня, как увлекательный рассказ, как поэма, а, например, последний том тяжел и медлителен, очень труден и сложен для восприятия? Потому что, описывая детство и юность Абая, Мухтар не нуждался в аллегориях и сокрытии правды. А о зрелом Абае необходимо было написать не так, как хочет писатель, а именно так, чтобы пропустила строгая идеологическая цензура. Ауэзов писал через силу, писал, вынужденно искажая действительность...»

Помню, как замерли академики Смет Кенесбаев, Ахмед Искаков и Гайнетдин Мусабаев. А потом, как прорвало. На трибуну вышел Смет Кенесбаев: «Самое сложное, — он говорил медленно, тщательно подбирая слова, понимая, что каждое его слово будет завтра же доложено вышестоящим инстанциям, и поэтому было необходимо суметь высказать свою мысль так, чтобы не превысить негласно установленный властями лимит дозволенного, — это фигура отца Абая — Кунанбаев и его ближайшего окружения. Мы все понимаем, что это очень важные персонажи в истории нашего народа и в будущем необходимо восстановить историческую справедливость...»

Прокрустово ложе идеологической машины наложило свой уродливый отпечаток на многие основные моменты в биографии поэта. И долг современных ученых-абаеведов — завершить то, что не могли сделать предыдущие поколения исследователей и писателей. Особенно это касается (воистину — героического!) вклада ближайших родственников Абая в дело сохранения его наследия. Задача ученых — воссоздать реальную картину, дополнить те важные звенья в биографии поэта и его последователей, которые были сокрыты до настоящего времени от внимания общественности.

Доминанта отечественных духовных ценностей в творчестве Абая

Есть одна гениальная по своей многозначности фраза Мухтара Ауэзова: «В Абае приоритетно превалирует восточное, а не западное» («Абайдың батысынан шығысы басым»). Ауэзов адресует нам еще одно важное замечание: «Он был всегда до самого последнего времени занят изучением древних трактатов восточных мудрецов». Абай в своих произведениях часто цитирует или прямо ссылается на ученых древности. Один из них — Дауани Гуламахи. Истинное имя средневекового мудреца Жалал-ад-дин Мухаммед ибн Асхад ад-Дауани. Его классические труды по

философии, этике, логике, астрономии, алгебре, поэзии были хорошо известны Абаю Кунанбаеву.

Еще одна весьма существенная черта творчества Абая, которая намеренно ретушировалась в предшествующие годы, — его просвещенная религиозность. Мы зачастую не замечаем того, что до сих пор продолжаем смотреть на великого поэта с позиций атеиста. Были даже исследования, в которых некие псевдоученые «успешно» доказывали, что воззрения поэта глубже и прогрессивнее, чем некие установившиеся, и т.д.

Сейчас, когда существование Творца не отрицается последними достижениями науки, мы должны подойти к таким вопросам серьезнее. Ведь вера Абая естественна и глубоко осознанна, она пронизывает его поэзию, она направляет и наставляет, она реалистична и убедительна:

*«Природа смертна, человек — бессмертен,
Даже если он не может повернуть время вспять.
Отделение друг от друга «я» и «моего» —
Несведущие по неведению назвали «смертью».*

Вековая мудрость предков

Еще один стереотип, от которого нам следует отказаться, — это так называемая навязанная нам «младописменность». Якобы некоторые народы, к числу которых причисляли и казахов, получили письменность совсем недавно, а грамотность — ее вообще от «красных советов» в подарок унаследовали. И были мы «устноговорящим и устнообщающимся» племенем с устным фольклором и устным литературным языком. Пока не научились писать. Сегодня мы знаем, что это полная чушь. Но научно это еще не обосновали и не показали в виде стройной концепции с выверенной системой аргументации.

Ведь устойчивая письменная традиция существовала в Великой степи на протяжении многих веков. Рунка последовательно трансформировалась в арабографическую вязь, которая связала воедино и общетюркский литературный язык «тюрки», на котором наши предки писали поэмы и дастаны-кисса, научные трактаты и религиозные труды, официальные письма и распоряжения правителей, и родную речь.

Если внимательно проанализировать центральную концепцию Абая о совершенном человеке «толық адам», то становится очевидным ее категоричная и последовательная связь с идеологией «Хикметов» Ходжи Ахмета Яссауи, с суфийско-мусульманской мировоззренческой-поведенческой установкой «кемель адам», в свою очередь, непосредственно восходящей к теории «камилль инсан» Жусупа Баласагуна, тысячелетие которого отмечалось несколько лет назад под эгидой ООН.

С другой стороны, «Кутадгу Билиг» Баласагуна, несомненно, базируется на глубоком знании серии статей аль-Фараби «аль-Мадина аль-Фадиль». Об этом обоснованно писал в свое время турецкий тюрколог Рашид Арат. А известный философ-антрополог Клод Леви-Стросс пошел еще дальше. Он доказал, что концепция демократической системы управления государством эпохи возрождения Европы напрямую связана и зиждется на научно разработанной системе «добродетельного города-государства» Абу Насра аль-Фараби.

И самое примечательное заключается в том, что вековая мудрость наших предков последовательно заимствовалась последующими поколениями мыслителей, поэтов и ученых на протяжении более чем тысячелетнего периода. Одна из самых прогрессивных концепций демократического общежития начиная с IX века нашей эры и европейского Ренессанса, апробированная веками, передавалась из поколения в поколение. И до сих пор живет в сознании и культуре казахского народа — в поэзии Абая и его последователей.

Реализуя начинание Главы государства, мы познаем не только себя, но и мир. Мир великих предков, мир будущего и современности, мир Абая.

**Ерден Кажыбек,
директор**

**Института языкознания им. А. Байтурсынулы,
член-корреспондент НАН РК,
доктор филологических наук
<https://bilimnews.kz/>**

Студенттерді рухани құндылықтарға негіздеп тәрбиелеу

Еліміздің дамуы мен қалыптасуында сан түрлі қажеттіліктерге сәйкес ұлы мақсаттар айқындалып отыр. Оның ең бастысы — еліміздің тұғырын берік ұстап тұра алатын, оны одан әрі дамытып, көркейтетін ұрпақ даярлау. Осы қажеттілікті жүзеге асыру үшін «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасы дамып келеді. Қоғамды дамытушы негізгі күш жастар болғандықтан, оның бойында ұлы істі жүзеге асыра алатындай күш-қабілет болуы керек. Ол күш — білім, тәрбие, іс-әрекетте жұмыс орны мәселесі.

Қандай да бір ұлы іс болмасын ол қашанда сол халықтың, елдің саяси әлеуметтік, тұрмыстық — экономикалық хал-жайына, көңіл-күйіне, сана-сезіміне байланысты болады. Еліміздің нығаюына халықтың өзін-өзі басқаруының дами беруіне жастар жан тәнімен мүдделі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз даму жолына енді ғана түсті. Оның келешегі алда, біртіндеп дамыған, өркеніетті елдер қатарына қосылады. Мұны жүзеге асыратын Қазақстанның қазіргі жас азаматтары, мектеп оқушылары. Қазақстанға жан-жақты білімді, осы республикадағы барлық халықтың тілін, тарихын, әдет-ғұрпын сыйлайтын, осы ел үшін оның халқының бақыты келешегі үшін бар білімі мен күш-жігерін аянбай жұмсайтын нағыз отаншыл азаматтар керек.

Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, жастарға оқу білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Толық жетіліп қалыптасқан ұлттық сана — қабілетінде, түсінік — талғамында, мінез — құлқында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатынын ғылым дәлелдеген. Бірақ, мұны басқаның бойына жуыпайтын оқшаулық деп түсінсек, қатты қателесеміз.

Дұрысы, оны ұлтымыздың өзек — мәйегі, ұлттық ерекшелігіміздің негізі деп қарастырсақ жөн болмақ. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегілі тәрбие беру — қазіргі міндеттің бірі. Иmandылық, ізгілік, адамгершілік, елжандылық және де толып жатқан кісілік қасиеттер мектеп қабырғасында қалыптасады. Бұлар арқылы оқушыны алға талпындыруға, Отанды сүйуге, ата — аналарға, үлкендерге деген кішіпейілділікті бойына сіңіруге, салауатты өмір сүруге, залалды әдеттерден аулық болуға тәрбиелеуге тиіспіз.

Жастар — өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі ролі өте зор.

Адамгершілік іс-әрекеттің қалыптасуы — тәрбиенің негізгі мақсатына жетуі анықтайтын өлшем. Қоғамның болашағы бүгінгі оқушылардың құнды қасиеттерінің қандай дәрежеде болуымен тікелей байланысты. Ол оқушылардың бақыт пен бақытсыздықтың, жақсылық пен жамандықтың адам өмірінің мәні әділдік ұғымдары арқылы өлшенеді. Көрсеткіштер мәліметтерін анықтағанда сауалнама жүргізу кезінде «әлеуметтік қажеттілік» феномені пайда болуы мүмкін. Сондықтан бағалау жұмысы тәжірибелік тәсілдерді қажет етеді.

Сонымен, тәрбие үрдісін бағалауда өлшемдер жүйесін қолдану қажет, себебі тәрбие үрдісі — ол динамикалық біртұтас жүйе. Әр түрлі әлеуметтік-педагогикалық жүйелер үшін жалпы өлшемдерді қолдануға болады.

Өлшемдер қоғам мен адам арасында өркениетті қатынастарды (мінез мақсат), тұлғаны қалыптастыру (өзекті мақсат), тәрбие үрдісін ғылыми түрде ұйымдастыру деңгейін, болжалды нәтижені анықтау, бағалау, бақылау және нәтижені қадағалауын, яғни тәрбиенің мақсатқа жету деңгейін өлшейді. Тәрбие үрдісі бойынша өлшем болжалды нәтиже мен нақты жетістікке жетуде жұмсалған педагогикалық күш пен әдіс-тәсілдердің қойылған мақсатқа сәйкестігін анықтайды. Өлшемдер тәрбие үрдісіне қатысушылардың өзара іс-әрекетін бағалайды. Сол арқылы оқушылар сыртқы тәрбие әсерін сезінеді. Сөйтіп, тәрбие үрдісі кең мағынасында субъектілер мен объектілерге араласады.

Тәрбие үрдісінің өлшемдері тұлғаның әлеуметтенудің қаншалықты табысты өтіп жатқанын көрсетеді. Олар тұл-



Еріктілер жылының аясындағы қайырымдылық іс-шарасы

ғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Себебі тәрбие үрдісіне тек сыртқы әсер ғана емес, баланың ішкі өзгерістерімен қоса өсу, тәжірибе жинақтау тәрізді қасиеттердің қалыптасуы кіреді. Сондықтан тәрбие үрдісін бағалауға психологтарды қатыстыру қажет.

Жалпы алғанда, ЖОО тәрбие үрдісінің тиімділігі мен нәтижесін зерттеудің нақты көрсеткіштеріне мінез-құлықтың негізгі дәлелдері, рухани адамгершілік құндылықтар мен бағдарлар, студенттер әрекеттері, шығармашылық қабілеттері алынады.

Жастар тәрбиесі — отбасынан басталып, біреудің біреуге ұқпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында ала, жалғасы жалпы білім берумен байланысты, яғни бала тәрбиелену отырып білім алады.

Ұрпақ тәрбиесі, бүгінгі қоғамға лайықты азаматтар тәрбиелеу күрделі мәселелердің бірінен саналатын, үлкен жауапкершілікті, жан-жақтылықты талап ететін процесс. Осыған байланысты қоғамның жаңа ғасырға өпелі кезеңінде, үлкен өзгерістер мен жаңалықтарға толы мерзімде болашақ азаматтарға білім мен тәрбие беру мекемелерінің алдында жауапты міндеттер тұр. Қазіргі сәтте осындай келеді мәселелерді шешу мақсатында уақытқа ыңғайластырылған тиімді әдіс-тәсілдер іздестірілу үстінде. Тәрбиелеудің қиындығы оның нәтижесі бірден көріне бермейтін әрекеттерге жататындығында. Яғни тәрбие беруге барлығын жан-жақты терең ойластырғанда ғана жемісті болатынын педагогика және психология ғылымдары зерттеп, дәлелдеуде. Кеңестік дәуірдегі ғылыми педагогикада: «Тәрбиелеу ісі ұрпақтар арасындағы сабақтастық байланысты қамтамасыз етеді. Мұнда, тәрбие процесінде жастар өзінің алдындағы ұрпақтар жинақтаған ұжымдық тәжірибе мен білімдерді меңгеруге ғана тиіс емес, сондай-ақ оның бойында өмір алға қоятын, аға ұрпақ шешпеген жаңа міндеттерді шешу үшін қажетті қасиеттер қалыптастыруға тиіс» деп айтылған-ды. Ал кейінгі кездегі бала тәрбиелеу бағытындағы күрделі өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тұжырымдамасында: «Тәрбие — халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озымдық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жан-жақты бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру» деген түсінік береді. Екі анықтама да әртүрлі кезеңде берілгенімен, тәрбиеде көзделген мақсат біреу — ұрпақ пен ұрпақты байланыстыру, сабақтастыру, тәжірибеде шыңдалған тәрбие түрлерін, әдістерін келесі ұрпаққа жеткізу, солар арқылы тәрбиелеу болып табылатындығын айғақтайды. Жоғарыда аталған Тұжырымдамада: «...Тәрбиенің негізгі мақсаты — дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» делінген. Бұл қоғамға қазіргі кезде қандай адам тәрбиелен, өсіру керек деген сауалдарға толыққанды түсінік береді. Осы жерде ұлттық ерекшеліктерді меңгеру үшін ең алдымен, ұлттық сана-сезімнің басым болуы керек екендігін баса айта кету керек. Басқалай айтқанда, бүгінде қоғам алдында ұлттық сана-сезімі оянған, қалыптасқан, ұлт дегеннің не екенін (біздің жағдайымызда қазақ ұлты) сезінетін азаматтарды тәрбиелеу міндеті тұр.

Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын — танытады» дейді. Осыдан шығатын қысқаша қорытынды ұлттық сана-сезімді ояту үшін халықтық дәстүрлерді, әдебиеті мен мәдениетін, өнерін келер ұрпаққа дұрыс түсіндіре алу, жеткізу, үйрету керек. Жастардың ұлттық дүниетанымын халықтың ерекше қасиеттері арқылы кеңейтіп тәрбиелеу, оны әрі қарай дәстүрге айналдыру олардың бойында ізгілікті қалыптастырады.

Тәрбие беру ісін дамытуда маңызды рөл атқарған А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин сияқты қазақ ағартушыларының жаңа болады. Олардың белгілеуі бойынша тәрбие процесінің түпкі қазығы белгіленген заңдылықтар мен тенденцияларда пайда болатын процесс арқылы сипатталған ішкі байланыстар мен қарым-қатынастардан тұрады. Білім алушы студент, оқушыны тәрбиелеу өте маңызды да өзекті мәселе. Сондықтан тәрбиелеу — қоғамдық функция, әр түрлі дәуір жастарына тәрбиенің бағалы тәжірибелерін игерту, кейінгі толқын жастарға жеткізуге арналған құрал, жеке тұлғаның жаңа типін қалыптастыруға арналған іс-әрекеттер жиынтығы.

Тәрбиелеудің кешенді жоспары тәрбие беру іс-әрекетінің мақсатын, тапсырмасын, мазмұнын, тәсілі мен формасын біріктіреді және жұмыс барысында оқу тәрбие процесін, ғылыми-әдістемелік жұмысты, педагогикалық практиканы да қамтиды.

Сондықтан, болашақ маманның жеке тұлғалық қасиетін арттырып, тәрбие процесінің оң нәтижесін алу үшін мақсатқа бағытталған және жүйелі түрде жүргізіліп отыратын тәрбие жұмысы қажет.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты — студенттің кез-келген іске белсенділігін арттыру, адамдармен мәдени қарым-қатынасын қалыптастыру, кішіпейілділікке, сыйпаулыққа және адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеу болғандықтан, әрбір тәрбие тегіне ұлы адамдардың нақыл сөздерін ұран ретінде алып, сол ұранның орындауын тікелей қадағалау тәрбиенің жақсы көрсеткіштеріне қол жеткізеді.

Осы міндеттің шешімін табу үшін Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің Машина жасау факультетінің «Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасының бастапқы әскери дайындық мамандығының (НВП-19-2 тобы) студенттерімен тәрбие процесін бекітілген күнтізбелік жоспардан тыс ұтымды ұйымдастырып іс-шаралар жүргізілуде. Атап айтсақ, рухани жаңғыру бағдарламасының негізінде дөңгелек үстел жүргізіліп студенттер өз пікірлерін ортаға кеңінен салды.

Сонымен бірге 2020 жылдың ақпан айында бастапқы әскери дайындық (НВП-19-2 тобы) студенттерімен бірлесіп, еріктілер жылының аясында Қарағанды облыстық «Әнет баба» орталық мешітіне қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырып қар күреу жұмыстары жүргізілді. Студенттермен бірге сабақтан тыс уақытта осындай іс-шараларды жүргізудің мақсаты айналасына деген қамқорлық мейірімділік, ізет ету мен көмек созу.

Еліміздің білім беру ісінде түрлі өзгерістер болып жатқаны айқын. Қабылданған білім стандартының, реформалардың мақсаты да аян: әлемдік білім кеңістігіне ену. Ал оқытушының басты да қасиетті міндеті — рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлға қалыптастыру. Адамзат тарихында Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ұлы Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» дегенін біз, ұстаздар қашанда жадымызда ұстауымыз керек. Өйткені, білім мен тәрбие — егіз ұғым. Сапалы білім мен саналы тәрбие шынайы астандағанда ғана ұлт тілегі, мемлекет, халық мүддесі орындалмақ, қоғам өзінің рухани дамуына сай асыл қасиеттерге қол жеткізбек.

Түйіндей келе, адам өмірінің алғашқы мақсаты өзін — өзі тану, өзінің тұлғалық қасиетін жетілдіру. Демек студенттердің білім мазмұны мен оқу — тәрбие үрдісінде осы мәселелер кеңінен орын алауы тиіс.

Алшынбаева Ж. Е., доктор PhD, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, «Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасы

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Сейітқазы П. «Ұрпақ тәрбиесінің кейбір мәселелері» // Ұлт тағылымы. 2018. №1.
- 2.Қазақстан мектебі 2013 №11. халық тағылымы — ұлттық тәрбиелеу.
- 3.Егемен қазақстан 2015 сәуір. Ұлттық тәрбие қоғамдық пікір тұтастығының кепілі.
- 4.Жұмағали Наурызбаев. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты». Алматы 2000 ж.

ЧЕСТНОЕ ПОКОЛЕНИЕ

«ҚарМТУ студенттері сыбайлас жемқорлыққа қарсы» постерлер сайысы

2020 жылдың 6-17 сәуір аралығында жастар саясаты Департаменті «ҚарМТУ студенттері сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты постерлер байқауын ұйымдастырып өткізді.

Байқау жастардың бойында сыбайлас жемқорлықты мемлекет пен қоғамның әлеуметтік құбылысы ретінде қабылдамауға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды бекіту негізінде азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті тәрбиелеу, ҚарМТУ беделін арттыру, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және іске асыру, таланттарды анықтау және кең көрермендер аудиториясына үздік жұмыстарды жылжыту мақсатында өткізілді.

Конкурстың негізгі міндеттері:


- студенттер мен оқытушылардың қоғамдық қызметін ынталандыру;
- қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және күрес мәселесіне жастардың назарын аудару;
- жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты іске асыруға тарту;

- жастарды жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу;
- ҚарМТУ студенттерінің шығармашылық, әлеуметтік-қоғамдық өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау.
- Конкурста университеттің барлық факультеттерінің студенттері қатысты.
- Барлығы 28 жұмыс ұсынылды.
- Тәуелсіз комиссия плакаттардың тақырыпқа сәйкестігін, ойдың бірегейлігін, түс гаммасын таңдауын, ақпараттылығын, орындалу сапасын бағалады.
- **I орынды** 3-курс студенті — **Кривогузова Александра** ПС-17-2 тобы — «Скажи «**НЕТ**» коррупции» постерімен иеленді.
- **II орынды** — 1-курс студенті — **Фазыл Казбек** БТ-19-1 тобы — «**Жемқорлыққа жол жоқ**» постерімен иеленді
- **III орын** 2 жұмысқа бөліп берілді: 2-курс студенті — **Турарова Майра** ФИЭМ-18-



1к. — «**Не будь марионеткой в руках коррупции**» постерімен және 1-курс студенті — **Кенесбек Нурай** БТ-19-1 — «**Только вместе мы остановим коррупцию**» постерімен.

- Жеңімпаздар мадақтама қағаздарымен марапатталды.



Стартовал месячник оборонно-массовой и военно-патриотической работы

В период с 7 апреля по 7 мая 2020 года в нашей области проводится месячник оборонно-массовой и военно-патриотической работы. Это мероприятие посвящено 28-ой годовщине образования Вооруженных Сил Республики Казахстан и 75-летию Победы нашего народа в Великой Отечественной войне.

Цель мероприятия — развитие казахстанского патриотизма у подрастающего поколения, формирование гражданских чувств у населения, воспитание любви к своей стране, привитие чувства уважения к истории своего народа.


В рамках месячника оборонно-массовой и военно-патриотической работы пройдут мероприятия в дистанционном режиме. Основной темой каждого мероприятия станет тема Великой Победы, мужества, отваги, долга победившего поколения в преддверии 75-летия Победы в Великой Отечественной войне.





Министерство здравоохранения
Республики Казахстан

ЧАСТО ЗАДАВАЕМЫЕ ВОПРОСЫ COVID-19



1

Что такое коронавирус?

Коронавирусы - это большое семейство вирусов, которые распространены как среди животных, так и среди людей.

Новый коронавирус 2019 года (COVID-19) - это вирус, который является причиной вспышки новой коронавирусной пневмонии заболевания, впервые обнаруженной в г. Ухань, Китай.

Многие заболевшие в период вспышки заболевания в г. Ухань, Китай, имели связь с крупным оптовым рынком морепродуктов и животных, что предполагает первоначальное заражение от диких животных.

2

Были ли ранее схожие случаи заболевания, вызванные коронавирусом в мире?

Ранее коронавирусы уже вызвали вспышки заболеваний, в том числе они являлись причиной:

- тяжелого острого респираторного синдрома (ТОРС) или SARS в 2002 -2003 годах, когда в 37 странах заболело более 8 тысяч человек, из которых умерло более 800 человек;

- ближневосточного респираторного синдрома или MERS. За период с 2012 года и по январь 2020 года в 27 странах заболело более 2 тысяч человек, из которых 780 умерло.

3

Какой путь передачи коронавируса?

Коронавирус может передаваться от человека к человеку воздушно-капельным путем (при кашле, чихании, разговоре), также заражение может происходить контактным (через предметы обихода) и алиментарным (через зараженную пищу, воду) путем. Факторами передачи являются воздух, пищевые продукты, предметы обихода.

4

Кто является источником коронавирусной инфекции?

Заболевший человек или животные.

5

Откуда произошло заражение этой инфекцией?

Природным резервуаром коронавируса 2019 (COVID-19) по данным китайских ученых являются дикие животные (летучие мыши). Основным местом, откуда произошло заражение человека, стал Южно-Китайский оптовый рынок морепродуктов и где приобретались дикие животные, включая летучих мышей и пресмыкающихся.

6

Основные симптомы коронавирусной инфекции?

лихорадка;

кашель;

одышка;

7

Вирус устойчив во внешней среде?

Коронавирус неустойчив во внешней среде, погибает при температуре 57 градусов С и выше, неустойчив к дезинфекционным и спиртосодержащим средствам.

8

Какой инкубационный период инфекции?

Инкубационный период (с момента заражения до появления признаков заболевания) составляет от 2 до 14 дней, чаще 2-7 дней.

В случае возникновения вопросов
рекомендуется звонить по номеру

1406